

*Экономикалық даму және сауда министрі
Б.Ә. Сағынтаевтың 2013-2017 жылдарға
арналған ӨЭДБ және Заң жобалары
бойынша Парламент отырысында
сөз сөйлеу жобасы,
2012 жылғы 11 қыркүйек*

Құрметті Гүлжан Жанпейісқызы!

Құрметті депутаттар!

Сіздердің қарауларыңызға үш құжат енгізіліп отыр:

- Елдің 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы;
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан 2013 – 2015 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заңының жобасы;
- «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне бюджетті жоспарлау және оның атқарылу процесін жетілдірудің кейбір мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасы;

1. 2013-2017 жылдарға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында айқындалған мақсаттар мен міндеттерді және Мемлекет басшысының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен «Әлеуметтік жаңғырту. Жалпыға ортақ еңбек

қағамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

2013-2017 жылдарға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы келесілерді есепке ала отырып әзірленген:

Бірінші. Статистика агенттігінің 2011 жылғы жалпы ішкі өнім жөніндегі есептік деректерді 260,9 млрд. теңгеге ұлғайту жағына қарай түзетуі, сондай-ақ 2012 жылдың бірінші жартыжылдығындағы экономика салаларын дамытудың қорытындыларын және мемлекеттік органдардың негізгі өнім түрлері өндірісінің күтілетін көлемі бойынша деректерін түзетуі есебінен 2012 жылғы бағалауды нақтылау.

Екінші. Әлемдік тауар нарығындағы ағымдағы ахуал және әлемдік экономиканың өсуі мен негізгі экспорт тауарларының әлемдік бағасы бойынша халықаралық ұйымдардың түзетілген болжамдары.

Әлемдік экономиканың трендтік дамуын ескере отырып, Болжамды қалыптастыру кезінде әлемдік ахуалдың дамуы мен тауар нарықтарындағы 2013-2017 жылдарға арналған бағалар өзгерісінің үш сценарийі қаралды.

Болжамды қалыптастыру кезінде дамудың **базалық сценарийі** негізге алынды. Базалық сценарий әлемдік экономиканың орташа жылдық өсу қарқынын 4% деңгейінде болжайды. Болжамның консенсусы негізінде мұнайдың бағасы

барреліне **90 доллар** деңгейінде күтілуде, ал металдар бағасы ағымдағы деңгейден **15%-ға** төмендейтіні күтілуде.

2013 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі **6,0%**, 2014 жылы **6,1%**, 2015 жылы **7,6%**, 2016 жылы **6,6%** және 2017 жылы **6,9%**-ды құрайды. Осы параметрлер орта мерзімді кезеңде экономиканың орташа 7 пайыздық өсуін қамтамасыз етуге сәйкес келеді.

Жалпы ішкі өнімнің өсуінің негізгі көзі жылына орташа есеппен 6,5% - 6,8% қарқынмен өсетін ішкі сұранысты кеңейту, сондай-ақ қазақстандық өнімге деген сыртқы сұранысты сақтау болады.

Номиналды жалпы ішкі өнім 2013 жылы 36,6 трлн. теңгеден 2017 жылы **65,3 трлн.** теңгеге дейін өседі деп болжануда. Жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім 2013 жылы 14 мыңнан астам АҚШ долларын құрайды және **2017 жылы 24 мың АҚШ долларына** дейін өседі.

Өнеркәсіптегі орташа жылдық өсу қарқыны 5,5%-ды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 7,1%-ды құрайды. Қызметтер саласы тұрақты дамиды.

Экспорт 2013 жылы **96,1** млрд доллардан 2017 жылы **116,7** млрд долларға дейін, импорт 2013 жылы **56,3** млрд доллардан 2017 жылы **92,3** млрд долларға дейін ұлғаяды.

2013 – 2017 жылдары **инфляцияның** жылдық деңгейі **6,0-8,0% шегінде** болады.

Жоспарланған өсу параметрлеріне қол жеткізуге жүргізіліп отырған әлеуметтік-экономикалық саясат ықпал етеді.

Келесі бағыттар орта мерзімді кезеңдегі **әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары ретінде** айқындалды:

1. Үйлестірілген ақша-кредит және салық-бюджет саясаттары есебінен **макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету.** Экономиканы дамытудың ықтимал нұсқалары кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған контрциклді макроэкономикалық саясат жүргізіледі.

2. Экономиканы ауқымды жаңғырту және әртараптандыру, тариф саясатын жетілдіру, бәсекелестікті қорғау және елдегі бизнес ахуалды жақсарту, белсенді инвестициялық саясат арқылы **орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.**

3. Нақты өнімді еңбекке көңіл бөлумен **халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға,** жаппай әлеуметтік масылдыққа жол бермейтін орташа кластың өсуі үшін жағдай жасауға бағытталған әлеуметтік жаңғырту.

4. Қуатты өңірлер Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік жаңғыруының негізі ретінде. Келешектегі елдің аумақтық-кеңістіктік дамуында агломерациялар шешуші рөл атқаруы тиіс. Моноқалалардың өзекті проблемаларын шешу

жөніндегі шараларды үйлестіру 2012 – 2020 жылдарға арналған Моноқалаларды дамыту бағдарламасы арқылы жүзеге асырылатын болады.

5. Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру Электрондық үкіметті дамытуға, әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағдарланатын болады.

Алға қойған мақсаттар мен басымдылықтарға қол жеткізу үшін макроэкономикалық болжам негізінде **2013-2015 жылдарға арналған бюджет параметрлері** әзірленді.

Республикалық бюджет түсімдерінің жалпы көлемі 2013 жылы 5 415,1 млрд. теңгеден 2015 жылы 6 388,2 млрд. теңгеге дейін өсіммен болжануда.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бюджеттің және Ұлттық қордың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бюджеттік саясат жүргізілетін болады.

Мемлекеттік борышты бірқалыпты деңгейде ұстау үшін жалпы ішкі өнімге қатысты тапшылықты 2013 жылы 2,1%-дан 2015 жылы 1,5 %-ға дейін төмендету жоспарлануда.

Ұлттық қорда кепілдендірілген трансферт көлемінде қордың қаражатын пайдалануды шектеу жолымен қаржы ресурстарын жинақтау саясаты жалғастырылады.

Бұл 2015 жылы **мұнай емес тапшылықтың** 3,9%-ға дейін төмендеуіне және Ұлттық қордағы қаржы ресурстарын

жинақтауға ықпал етеді.

Болжамды түсімдер мен жоспарланған тапшылықтың төмендеуін ескере отырып, **республикалық бюджеттің шығыстары** 2013 жылы 6,2 трлн. теңге, 2014 жылы 6,5 трлн.теңге және 2015 жылы 7,1 трлн. теңге көлемінде айқындалды.

Мемлекет басшысы Жолдауындағы қойылған міндеттерді есепке ала отырып, 2013-2015 жылдарға арналған **бюджет шығыстарының негізгі басымдықтары** мыналар болып табылады:

1. Халықты жұмыспен қамтуды арттыру.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы, оның ішінде оқыту, қайта оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, ауылдарда кәсіпкерлікті дамыту, еңбек ресурстарының ұтқырлығын қамтамасыз ету, ауылдық елді мекендерді дамыту бойынша іс-шараларды іске асыру жалғасады.

2. Халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту және халықты қол жетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, «Ақ бұлақ» бағдарламаларын іске асыру жалғасатын болады. Ағымдағы жылы қабылданған «Қол жетімді тұрғын үй – 2020» жаңа бағдарламасы шеңберінде тұрғын-үй құрылысын дамыту жаңа бағыт алады.

3. Адами капиталдың сапалы өсуі.

Денсаулық сақтауды дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Балапан» бағдарламасының, білім беруді дамыту бағдарламаларының іс-шараларын қаржыландыру жалғасады. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы шілдеде қойған әлеуметтік жаңғырту бойынша міндеттерді іске асыру жеке акцентке ие болады.

Денсаулық сақтау саласында алдыңғы қатарлы медициналық технологияларды дамыту және жоғары білікті кадрларды дайындауды дамыту үшін қуатты Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық пен болашақ госпиталін құру жоспарлануда.

4. Өңірлерді дамыту.

2013 жылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу, өңірлерді дамытуды қолдау және өңірлердің экономикалық әлеуетін күшейтудің жергілікті бастамаларын жылжыту бойынша іс-шараларды қаржыландыру артады. Моноқалаларды дамыту бағдарламасын кең ауқымды іске асыру басталады.

5. Индустриялық-инновациялық даму.

2010 – 2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру экономиканы одан әрі әртараптандырудың және жаңғыртуыдың басты құралы болып қалады.

Бағдарлама шеңберінде, инфрақұрылым салаларындағы Балхаш ЖЭС бірінші модулінің, Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ газ құбырының құрылысы сияқты ірі инвестициялық жобаларды іске асыру басталады.

Бұдан басқа, экономиканы энергетикалық, көлік және газ инфрақұрылымдарымен қамтамасыз етуді қоса алғанда, салалық бағдарламалардың іс-шаралары басым түрде қаржыландырылатын болады.

6. Бизнесінің дамуын қолдау. "Бизнесінің жол картасы - 2020" бағдарламасын іске асыру жалғасады.

Бағдарлама шеңберінде шағын және орта бизнесіні қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: банк несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және ішінара кепілдік беру, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, сервистік қызметтерді ұсыну және оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру, жаңалығымен және бірегейлігімен ерекшеленетін жаңа бизнес-идеяларды іске асыратын ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге гранттар ұсыну.

7. Қорғаныс қабілеттілігін, ұлттық қауіпсіздікті, құқықтық тәртіпті және төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларын нығайту.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қайта аттестациялауды өткізу нәтижесі бойынша ақшалай үлесін жоғарылату және әлеуметтік пакетті кеңейту бойынша шаралар

қолданылатын болады.

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2013 – 2015 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заң жобасы Бюджет кодексінің 24-бабының 2 тармақшасына сәйкес әзірленген.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мынадай мөлшерлері белгіленді: 2013 жылға - 1 380 млрд. теңге, 2014 - 2015 жылдарға - 1 188 млрд. теңге.

Ұлттық қор Тұжырымдамасында белгіленген кепілдендірілген трансферттің аталған мөлшері тиісті қаржы жылының соңындағы ЖІӨ болжамдық мәнінің 20% -ы мөлшерінде төмендемейтін қалдық қағидасының сақталуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Қорда қаражаттың таза жинақталуы қамтамасыз етіліп, 2015 жылы болжам бойынша Ұлттық қордың қаражаты 100 млрд. АҚШ долларынан асады.

3. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне бюджетті жоспарлау және оның атқарылу процесін жетілдірудің кейбір мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы

Заң жобасы бюджет процесін және басым мемлекеттік шығыстарды қаржыландыруды жетілдіру мақсатында әзірленді.

2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджетте жоспарланған шығыстарды толық көлемінде қаржыландыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында заң жобасымен **жаңа бюджет қағидасын** енгізу қарастырылды. Шығыстардың жалпы көлемінде экономиканың дамуына қолайлы жағдайлар сақталған кезде жүзеге асырылатын **шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар** бөлінеді.

Осы шығыстарды қаржыландыру мүмкіндігі ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанында экономиканың дамуы және бюджеттің кіріс бөлігін орындау қорытындасының, сондай-ақ жыл соңына дейін күтілетін әлеуметтік-экономикалық дамыту үрдісінің негізінде айқындалатын болады.

Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың көлемі тиісті кезеңге арналған республикалық бюджеттің жалпы көлемінің төрт пайызынан аспайтын мөлшерде айқындалады.

Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тетігі сыртқы конъюнктура нашарлаған жағдайда Үкіметтің жеделден қояуына мүмкіндік береді.

Осы шығыстар бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қаржы министрлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Заң жобасымен Қазақстан Республикасы мүше болатын халықаралық ұйымдарға республикалық бюджеттен қайтарымсыз негізде бөлінетін қаражаттар ретінде донорлық жарналарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін норма

енгізіледі. Бұл Қазақстанның өңірдегі жетекшілігін Азия даму банкі арқылы алға жылжытуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, инвестициялық жобалар құнының ұлғаюы, үнемделген бюджет қаражаттарын қайта бөлу және т.б. мәселелер жөнінде бюджеттің жоспарлауы мен атқарылуын жетілдіруге байланысты түзетулер қарастырылды.

Қолдауларыңызды сұраймын.